

Тек, бүкіл адамзат қауымдастығы болып Ресейден шыққан қауіпті тоқтатпаса, бұл жағдай Үшінші Дүниежүзілік соғысқа апаруы мүмкін екенін байқау қиын емес, және осылай ойлауға толық негіз бар.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Пособие по истории СССР.-М.: Высш. шк., 1987.-735 с.
2. История СССР. Эпоха социализма. Уч. пособие.-М.: Просвещение., 1977.-558 с.
3. История Казахстана. Пособие.-Алматы.: Казинтеграф., 1988.-109 с.
4. История СССР. Эпоха социализма. Учеб. Для вузов.-М.: Высш. шк., 1985.-479 с.
5. Советский энциклопедический словарь.-М.: Советская энциклопедия, 1985.-1600 с.
6. Островский В.П., Уткин А.И., История России XX век. Учебник.-М.: Дрофа, 1995.-512 с.
7. Верт Н. История Советского государства. 1990-1991: Пер. С франц. – 2 изд. – М. : Прогресс-Академия, 1995 – с. 544.
8. Большая Советская Энциклопедия (в 30 томах), т.26.-М.: Советская Энциклопедия, 1977.-622 с.
9. Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мухтарияты.- Алматы.: Нұрлы Әлем баспасы, 2006.-128 б.
10. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы. Оқу құралы: Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005-344 б.
11. Берхин И.Б. История СССР.(1917-1978). Учеб. пособие для вузов по спец. «История».-М.: Высш. шк.,1987.- 704 с.
12. История СССР. Эпоха социализма. Учебник. Под ред. Ю.С.КукушкинаМ.:Высшая школа,1985.-479 с.
13. Адамбек Б.К. Кеңес Одағының тарихы. (1971-1991). Қарағанды: КарМу баспасы, 2018.-244 б.
14. Новейшая отечественная история. XX век. Учебник для студ. высш. учеб. заведений в 2 кн.- М.: Владос, 2004. –кн. 1.- 447 с.
15. История внешней политики СССР в двух томах. Том I, М.:»Наука», 1986.-535 с.
16. История СССР. Учебник. В 2-х частях. Часть II. Под ред. Н.Артемова.-М.:Высш. школа, 1982.-351 с.
17. Новейшая история Отечества. XX век. Учебник. В 2-х томах.-т.2. Под ред. А.Киселева.М.: Владос, 1998.-448 с.

ҰЛТ КӨСЕМІ - ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

Игембаев Р.К., тарих пәнінің мұғалімі
«Ю. А. Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ
Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарға, ұлттық кодты, ұлттық сананы Қазақстанның қазіргі және болашақ даму жолында, Отан тарихына оралуға мәжбүрміз. Сонымен қатар тарихымызға қарауда басқа қырлары мен сырларына назар аударған жөн. Оның басты түрткілердің бірі Қазақ тарихын оқытуымен зерттеу аспектілеріне назар аудартады. Әрине, Қазақстан тарихын оқытуда және оқуда, зерттеуде өзіндік пробелдары баршылық оларды тізбектеу үшін бір мақала аздық етеді.

«Рухани жаңғыру»- дегенде, әлбетте мемлекеттік, ұлттық идеология, ұлттық сананың жаңғыруы жарық етіп алға шығады.

Ұлттық сана

Ұлттық құндылық

Ұлттық код

Тарихымызға үнілетін болсақ, «Рухани жаңғыру» бастауы шамамен бір ғасыр бұрын ұлт көсемі Әлихан Бөкейханмен «Алаш» қайраткерлерінен басталды деуге болады. Алаш қайраткерлерінің жүріп өткен жолдарымен біз енді басып өтіп барамыз іздерін. Алаш қайраткерлерінің еңбектеріне зерттей келгенде, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының түпкілікті идеясын көреміз. Сонымен қатар, Алаш қайраткерлері қазіргі заман талаптарына сай, ел игілігіне қызмет атқара алатан коммуникабельді, креативті ойлар мен жобалар ұсына алатын тұлғалар болғанын дәлелдейді.

«Алаш» қоғам қайраткерлері туралы ғылыми ортада немесе білім беру ортасында сөз қозғайтын болсақ, міндетті түрде, Ұлы қазақтың баласы, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханнан бастаймыз. XX ғасырдың басындағы қазақ еліне тән саяси оқиғалардың барлығында Әлихан Бөкейханның бастауымен және кеңесімен болды деуге болады.

Әлихан атамыз шоқтығы биік, тұнғыйық түбінде жатқан «ұлттық, мемлекеттік идеологияға бай, өзіндік үлесі бар, дара және дана тұлға»- деп айтатын болсақ, қателеспіз. Әліде болса, қазақ тарихында ұлт көсемі Әлихан және «Алаш» қайраткерлерін зерттеу қажет етеді. Себебі; Алаш қайраткерлерінің еңбектерінен ұлттық мүддемізге сай, мемлекеттік идеология институттарының құрлымындарына қажетті және жаһандық саяси-экономикалық қазақ мемлекетіне тән өзекті мәселелеріне жауаптар аламыз.

Ел ішінде, «Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар»- деп айтса керек!? Біз осы ғылыми мақаламызда, Қазақстан тарихын жалпы білім беру мекемелерінде, оқушыларға сабақ ұйымдастыру барысында, Әлихан Бөкейханның мемлекеттік қоғам қайраткері ретінде Қазақ автономиясының негізгі фундаментін қалаушысы ретінде және қазақ тарихында мемлекеттік институттарын құруға күрес жүргізген тарихи тұлғалармен салыстыра отырып, бүгінгі күнмен сабақтастырамыз.

Қазақ философиясының тарихында, халықпен мәңгі жасасып келе жатқан дилема - «Жесір дауы, жер дауы». «Жесір дауын», дәстүрлі қоғамның заңдылық негізінде, әмегерлік дәстүрімен шешіп отырған. Ал, «жер дауы» мәселесінде үлкен жауапкершілікпен және саликалы, терең саясатпен қараған. Тарихымыздың қандайда тұлғасы болмасын, жан беріп-жан алысқан.

Алысқа бармай XVIII ғасырдың соңындағы «Қазақ-жоңғар» соғысынан кейін, Абылай ханмен қытай мемлекеті арасындағы «жер дауы». Қазіргі Қазақстанның шығысындағы Өскемен, Зайсан, Тарбағатай, Қаскелен өңірлеріндегі мәселені Абылай хан өте ұтымды, шығынсыз, асқан дарындылықпен қан төкпей шешкен болатын. Абылай хан- асқан ел билеуші әрі қолбасшы деген баға береміз. Қазіргі заман тілімінен шебер медиатор деп бағаласақ, артық болмас. Әрине, бұл мәселеде Абылайханның бір өзі емес, сонымен қатар маңындағы жыраулармен ақсақал кеңесінің еңбектері зор.

XIX-XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтерілістердің болуына түрткі, «Жер дауы» және ұлттық сананың жаңғыруы. Мұнда, орыс отаршылардың отарлау саясаты кезеңіндегі «1822-1824 жылдардағы Сібір қазақтары және Орынбор қазақтары», «1867-1868 жылдардағы уақытша ережелер» реформалардың салдарынан «Хандық билік» институтының жою мақсатында, «1880-1890 жылдар әкімшілік реформалар», «1906 жылғы Столыпин реформасы» аралығында басталғанын аңғаруға болады. Бұл кезеңде ұлт-азаттық көтерілісті 2 деңгейде қарастырамыз:

Хандық билікті (мемлекетті) қалпына келтіру;

Отарланған жерлерді кері қайтарып, қалпына келтіру;

Бірінші деңгейде, Кенесары Қасымұлының бүкіл қазақ даласында, ұлт-азаттық көтерілістің бастауы. Ал, екінші деңгейде Сырым Датұлының, Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа батырдың, 1870 жылдардағы Орал және Маңғыстау жерлеріндегі, 1916 жылғы жаппай қазақ даласындағы ұлт-азаттық көтерілістердің стихиялы (бір қалыпты ұйымдаспаған) түрде ұйымдастырылып сәтсіз аяқталсада, «жер дауында» есесін жібермей, қазақ жерлерін иелік етуге құқықтарын сақтап қала білді.

Бұл кезеңде, «Ақ найзаның ұшымен, қара білектің күшімен» әрекетіне көшті-деген, баға береміз.

Ал, «жер дауы» мәселесінде, Әлихан Бөкейханның және «Алаш» партиясының өкілдерімен, болашақ Қазақстанның тәуелсіздігі үшін, большевиктердің көсемі В.И. Лениннің алдында қазақ автономиясы құру жобасында, тарихи сәтті өте қолайлы және ұтымды қорғап қазақ автономиясы дербес мемлекет бола алатынын дәлелдей білді. Әлімхан Ермековтың асқан шешендігімен қатар әрі энциклопедист, кәсіби білікті және білімді ділмар екенін дәлелдей білді. Оған төмендегідей дәлелдерді келтіруге болады.

Большевиктер революция арқылы билікке келгенде, В.И. Лениннің «бұротана халықтар, өз алдына автономия құруға және өз ұлтынан басшы сайлауға құқылы».

Большевиктер билік басына келгенімен отар елдерге еркіндік беруге асықпады. Еркіндік туралы іске асырмады. Керсінше, патшалық ресейдің отарлық саясатының билігін ұстап қалып, орнына кеңестер билігін орнатты.

Большевиктер билігіне қарсы шыққандарды, «ескілік патша билігін аңсаушылар»- деп, жазалады.

В.И. Лениннің бір өзінің жеке басын көндіру, көзқарасын өзгерту, өте қиын жағдай. В.И. Ленин бүкіл ресейді бірінші дүние соғысынан алып шығып, халықтың көзқарасын пролетариаттық көзқарасқа өзгертіп, алып империяда революция жасау? В.И. Ленин өзінің саяси жақтастары және қарсыластар ішінде, сол кезеңде революция көсемі еді. Революция көсемін, 29- жасар Әлімхан Ермеков бұротана халықтың атынан өкілі ретінде келіп, автономия тақырыбында баяндама жасап, дербес өмір сүре алатын және Каспий теңізінің солтүстік жағалауы – Астрахань губерниясынан, Ертістің сол жағалауындағы он шақырымдық ұлан-ғайыр жерді қайтарып алуға көндірген. [2:1]

Бұл қайталанбас, үлкен тарихи оқиға. Әлімхан Ермековтың тайсалмай айтысып жасаған баяндамасын, баға жетпес ерлікпен тең. Ғасырлар бойы тәуелсіздік, еркіндік, жер мәселесінде жан алысып, жан берін, қаншама боздақтар қыршынан кетіп, қолымыз жетпей жатқанда, Әлихан Бөкейханның кеменгерлігінің арқасында, бітіспес мәселені, бейбіт түрде, халықтың шығынсыз, шешті. Біз және келер ұрпақ осыншама кеткен шығын еңбектерді, төгілген қандар, берілген жандар үшін; «тәуелсіздік және жер дауы» мәселесін аса ыждахатпен, зор құрметпен қабылдаған жөн.

Әрине, бұл жерде Әлімхан Ермековқа кеңес-ақыл, жол көрсеткен ұлт көсемі Әлихан Бөкейханды көреміз.

Әлихан Бөкейхан «Алаш» қайраткерлеріне әр тұлғаларға қайталанбайтын тапсырмалар мен кеңес берін отырғанына назар аударған жөн. Мұстафа Шоқайға, «біз орыс отаршыларынан бірден бірігіп бөлінетін болсақ, үлкен шығынға ұшыраймыз. Ал, шашыраңқы тұрғыда бөлінетін болсақ, орыс отаршыларынан сезік тудырмаймыз»- деп, тапсырма берген. Сондықтанда, Мұстафа Шоқай «Түркістан автономиясын» құру мақсатында, өмірінің соңына дейін күресін өтті. Жақып Ақбаев «Алаш орда» үкіметінің конституциясын жазды. Бұл жерде, тағы байқайтынымыз: «Алаш» қайраткерлерінің легі екі топтан тұрды деуге болады.

1) «Алаш ардагерлері»

2) «Алаш жастары»

«Алаш ардагерлері» қатарына, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамеджан Тынышбаев т.б. жасы үлкен тұлғаларды кіргізуге болады.

Ал, «Алаш жастары»- деп, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Әлімхан Ермеков, Мұхтар Әуезов т.б. жастары 30-дан аспаған тұлғаларды айтуға болады.

Біз неліктен, «Алаш» қайраткерлерін топқа бөліп отырмыз деген, сауалға жүгінетін болсақ?

Біз бұл жерден, кеңес дәуіріндегі және «Алаш» қайраткерлерінің мемлекеттік және жер мәселесі жөніндегі сабақтастықты көреміз.

1930-1937 жылдары қазақстандағы коммунисттері болған Абдолла Асылбеков, Нығмет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин т.б қайраткерлер ұжымдастырудың кемшіліктерін және аштықпен күрес жүргізу барысында, кеңес өкіметінің «солақай саясатын» әшкерлеген еді.

Абдолла Асылбековтың ОГПУге тергеушілерге берген сұхбатында, «Сейфуллинмен де байланыс жасадым. Ол да Нұрмақовтың тапсырмасы болатын. Сейфуллинмен әңгімелескенде байқағаным, ол да үкіметтің колхоздастыру саясатына қарсы екенін білетінмін. Ол кеңес үкіметінің саясатына наразы болды. 1934 жылы Қарқаралыға округтік атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалғанда кездестім. Сол кезде ол өте қатал ашумен: «Тездету керек. Екі қолды бос қусырып тыныш отыруға болмайды. Кеңес өкіметін тезірек құлату керек деді. Кеңес өкіметіне қарсы күресте қандай таптан шықса да, қай топтан болмасын өзін ҚАЗАҚ-пын дейтін азаматтардың бастары бірігулері керек. Егер де: «Алашордалықтар, Әй, Асылбеков екеуің халықтың бақыты үшін күресіп едіңдер, ал енді не нәрсеге қолдарың жетті десе не дейміз?!» [3:8]

Дегенмен, жоғардағы көрсетілген дерекке сүйене отырып, «Алаш» қайраткерлерінің идеясымен байланыстырған жөн. Бірақ өкінішке орай қазақтың алғашқы қатардағы коммунисттеріне, «Алаш» қайраткерлеріне берген мүмкіндікті берген жоқ. Нәтижесін бәріміз жақсы білеміз. Ол саяси «репрессия», «халық жауы»- деген ұранмен қуғынға ұшырады.

Тарихи үрдісте, отаршылдыққа қарсы, мемлекеттік институтты қайта қалпына келтірушілердің алғашқылардың бірі Әлихан Бөкейханның саяси-қоғамдық қызметінде тау тұлға екеніне көз жеткіземіз.

Сөз соңында, қазіргі және болашақ жастарға «ТӘУЕЛСІЗДІК, ҰЛТ ЖАНДЫЛЫҚ, РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ, ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ, ЖЕР ҚАСИЕТІ» деген сөздерді және ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан мен «Алаш» қайраткерлерінің ерен еңбектерін құрметтеуге және қадірлеп дәріптеуге шақырамыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Интернет ресурсы: <https://www.zakon.kz/4908813-ruhani-zha-yru-hal-ymyz-a-ruhani-zhol-k.html>
2. Интернет ресурсы: <https://bilimdinews.kz/?p=132655>
3. «Президент және халық» баспасөзі. 23.06.2017. «Шовинисттерді шығарған» т.ғ.д. Болатбек Нәсенов